

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжі» республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды**

1. Білім беру ұйымының атауы, оның орналасқан жері, пошталық мекенжайы, электрондық мекенжайы, телефоны:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесі, орналасқан мекен-жайы: Алматы қаласы, Уалиханов көшесі, 76 үй, тел. 8 (727) 291-83-03, email: rezk_65@mail.ru

2. Лауазымдық міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасына және білім беру ұйымының жарғысына сәйкес оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды;

оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процесінің кестесін, ішкі тәртіп ережесін бекітеді; білім беру ұйымының басқару құрылымын, штаттық кестесін, қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

білім алушылардың контингентін қалыптастырады, олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді; техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қоғамдық тамақтандыру, медициналық қызмет көрсету ұйымдарының жұмыс істеу және олардың жұмысына бақылауды ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді;

жұмыс берушілермен және әлеуметтік әріптестермен жүргізілетін жұмысты үйлестіреді;

қолда бар мүліктер мен құралдарға билік жүргізеді, оқу-материалдық базаны толтыруды және оның есебі мен сақталуын, санитарлық-гигиеналық ережелер тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді;

материалдық-техникалық базаны қайта жарақтауды және қайта құруды ұйымдастырады;

педагогикалық кеңестің жұмысын басқарады;

білім беру ұйымының оқыту қызметінің саласын дұрыс ұстау және кеңейту мақсатында инновациялық білім технологияларын енгізуді және тартуды қамтамасыз етеді;

кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, педагогикалық және тәрбие процесінің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді, олардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды;

үздіксіз кәсіптік оқыту жөнінде білім беру ұйымдарымен бірлескен жұмыс бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырады;

жұртшылықпен байланысты қамтамасыз етеді, ата-аналармен (олардың орнын басушы адамдармен) жүргізілетін жұмысты үйлестіреді;

жоғары тұрған, қоғамдық және өзге де ұйымдарда білім беру ұйымының мүддесін білдіреді;

әлеуметтік серіктестік және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

уәкілетті органға (құрылтайшыға) оқу, ғылыми және қаржылық қызмет нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;

еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарын орындауды қамтамасыз етеді және қауіпсіз еңбек етуге жағдай жасайды;

біліктілік санаттарын беру (растау) кезінде қойылатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшылары мен басшылары орынбасарларының тиімділік көрсеткіштеріне сәйкес келеді.

3. Үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары:

жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білім немесе тиісті бейіні бойынша өзге де жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) кәсіптік білім; білім беру саласындағы педагогикалық жұмыс өтілі кемінде бес жыл, оның ішінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы (мекеме) басшысының орынбасары немесе басшысы лауазымындағы өтілі кемінде екі жыл;

оқу орнының кадрлар даярлау бейініне сәйкес келетін бір немесе бірнеше біліктілік бойынша орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріндегі басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде бес жыл;

бейіні бойынша әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшысы (басшының орынбасары) лауазымында кемінде 2 жыл өтілі бар;

педагогтің бірінші немесе жоғары біліктілік санатының, педагог – сарапшының немесе педагог – зерттеушінің немесе педагог – шебердің біліктілік санатының болуы (оқытушылық қызметті жүзеге асыру кезінде);

немесе «үшінші біліктілік санатты басшысының орынбасары» немесе «екінші біліктілік санатты басшысының орынбасары» біліктілік санатының немесе білім беру ұйымы «бірінші біліктілік санатты басшысының орынбасары» не «басшы-ұйымдастырушы» немесе «басшы-менеджер» немесе «басшы-көшбасшы» біліктілік санатының болуы.

4. Білуі тиіс:

-Қазақстан Республикасының Конституциясы;

-«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі);

-Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

Қазақстан Республикасының заңдарын:

«Білім туралы»;

«Педагог мәртебесі туралы»;

«Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы»;

«Қазақстан Республикасының тіл туралы»;

«Мемлекеттік мүлік туралы»;

«Мемлекеттік сатып алулар туралы».

білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары, білім алушыларға білім беру және тәрбиелеу мәселелері жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілер;

педагогика және психология негіздері, қазіргі педагогика ғылымы мен практикасының жетістіктері;

басқарудың инновациялық әдістері;

экономика негіздері, қаржы-шаруашылық қызмет мәселелері;

құқық негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрттен қорғау ережелері.

5. Конкурса қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) конкурса қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;

3) білімі туралы құжаттардың көшірмесі;

4) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» № 075/е нысаны бойынша анықтама.

Конкурса қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жариялымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Конкурса қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі.

Құжаттар қолма-қол немесе почта арқылы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 14-кіреберіс, 676 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Толық ақпаратты +7 (7172) 74-04-59 телефоны бойынша алуға болады.

Электронды пошта: l.kulzhabaeva@mki.gov.kz